

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халык-Life"

«Халық-Life» АҚ
Басқарма шешімімен
мақұлданған
(2023 жылғы 02 ақпандағы
№ 7 отырыс хаттамасы)

«Халық-Life» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілген
(2023 жылғы 03 ақпандағы № 4
отырыс хаттамасы)

Өмірді мемлекеттік білім беру жинақтаушы сақтандыру ЕРЕЖЕСІ

*Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген № 1 өзгерістер мен толықтырулар ескерілген
(отырыстың 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 20 отырыс хаттамасы)*

*Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген № 2 өзгерістер мен толықтырулар ескерілген
(отырыстың 2025 жылғы 20 мамырдағы № 20 отырыс хаттамасы)*

Аталған электрондық көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады. Өзгертулер мен толықтырулар 23.05.2025 жылдан бастап қолданысқа енеді. Құжат баспа түрінде ақпарат үшін қолданылады. Құжаттың көшірмесін растау үшін ЖКД өтініш білдіру қажет

Алматы,
2023

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1-тарау. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
2-Тарау. Терминдер мен қысқартылған сөздер	3
2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	5
3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ	5
4-тарау. Сақтанындыру шартын жасасу тәртіптері, сақтандыру шартына өзгертулер енгізу	5
3-бөлім. ЖИНАҚТАУШЫ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУДІ САҚТАНДЫРУ	6
5-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ	6
6-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ	7
7-тарау. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ КӨЛЕМІ, ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫ)	7
8-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІН ӨТКІЗІП АЛУ	8
9-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ..	9
10-тарау. САҚТАНДЫРЫЛҒАН	10
11-тарау. ПАЙДААЛУШЫ	10
12-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ МЕН САҚТАНДЫРУ ҚОРҒАНЫСТАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ	10
13-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР	11
14-тарау. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	12
15-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӨРЕКЕТТЕРІ, САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ЖАҒДАЙЛАРЫ	12
16-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ	13
17-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ	15
18-тарау. САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ	16
19-тарау. САҚТАНУШЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ	16
19-1 -тарау. ИНДЕКСАЦИЯЛАУМЕН САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.	19
4-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	20
20-тарау. ҚОСЫМША ЖАҒДАЙЛАР	20

Кіріспе Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (01.04.2024 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (20.04.2024 бастап қолданысқа енгізілген) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және «Халық-Life» Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) білім беру жинақтаушы сақтандыру шарттарын жасасу және орындау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ осындай шарттар бойынша сақтанушылардың, Қоғамның және пайда алушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1-бөлімнің 2-тарауы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (01.04.2024 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (20.04.2024 бастап қолданысқа енгізілген) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды.

1. Осы Ережеге сәйкес Қоғам тек жеке тұлғалармен білім беру жинақтаушы сақтандыру шарттарын (сақтандыру шарттарын) жасасады.
2. Сақтандыру ережелерінің көшірмелері сұрау салу бойынша клиентке сақтандыру шарты жасалған кезде беріледі (жіберіледі) Сақтандыру ережелері сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Білім беру жинақтаушы сақтандыру шарты білім беру қызметтеріне ақы төлеуге арналған қаражатты жинақтау мақсатында жасалады және сақтандыру жағдайы кезінде және осы шартпен белгіленген сақтандыру қорғаныстарының мерзімі өткеннен кейін, қайсы жағдай бірінші туындағанына қарай сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейді.

2-Тарау. Терминдер мен қысқартылған сөздер

2-тараудың 4-тармағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (01.04.2024 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (20.04.2024 бастап қолданысқа енгізілген) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды.

2-тараудың 4-тармағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (20.05.2025 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (21.05.2025 ж. бастап қолданысқа енгізілген) № 2 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды.

4. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар, терминдер және шартты (қысқартылған) белгілер пайдаланылады:
«**пайда алушы**» – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
«**сатып алу сомасы**» – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалатын сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушының алуға құқығы бар ақша сомасы;

«**Сақтандыру шартының жылдық қолданылу мерзімі**» – күні мен айы сақтандыру шарты жасалған күнмен және аймен сәйкес келетін сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне келетін күн;

«нысаналы жинақтау төлемдері» – нысаналы жинақтау шотынан нысаналы жинақтап алушыға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұрагерлерге төленетін нысаналы жинақтау сомасы;

«сақтандыру шарты» – сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалатын, білім беру жинақтаушы сақтандыру шарты, оның үлгілі нысаны қаржы нарығын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу арқылы білім беру саласындағы уәкілетті органдармен бекітіледі;

«Индексациялаумен сақтандыру шарты» – сақтандыру сыйлықақысының, сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің, өтеу сомасының осы Ережемен белгіленетін жағдайларда және тәртіппен АҚШ долларына теңгенің ресми бағамының өзгеруіне сәйкес индекстелетін сақтандыру шарты.

«сақтандырылушының сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» – сақтанушының сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімінің соңғы күнінен кейінгі бірінші күнгі Алматы уақыты бойынша 00-ге дейін өмір сүруі;

«сақтандырылған» – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

«сақтандыру өтініші» – сақтанушының Қоғаммен сақтандыру шартын жасасу ниетін білдіретін жазбаша өтініші;

"жалған ақпарат" - сақтанушы немесе сақтандырылушы сақтандыру өтінішінде берген және сақтандыру шартын жасау күнінде шындыққа (сақтандыру объектісі туралы нақты деректерге) сәйкес келмейтін мәліметтер;

жазатайым оқиға - сақтанушының денесіне сыртқы механикалық және/немесе электрлік, және/немесе химиялық және/немесе жылулық әсер ету нәтижесінде сақтанушының еркінен тыс болған, сақтанушының қайтыс болуына немесе сақтанушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігінің белгіленуіне әкеп соққан қысқа мерзімді оқиға (жағдай);

«мемлекет сыйлықақысы» – сақтандыру шарты бойынша есептік сомаға бюджет қаражаты есебінен жыл сайын белгіленген мерзімде төленетін ақша;

«сақтандыру шарты бойынша есептік сома» – сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын), бастапқы білім беру капиталын, инвестициялық кірісті, өткен кезеңдердегі мемлекет есептеген сыйлықақыларды ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша қалыптастырылған сақтандыру резервін негізге ала отырып айқындалатын, мемлекет сыйлықақысын есептеу үшін қабылданатын сома;

«бастапқы білім беру капиталы» – білім беруді жинақтап сақтандыру шарты бойынша есептік сомаға бюджет қаражаты есебінен жіберілетін біржолғы төлем;

«сақтанушы» – пайда алушының ата-анасы немесе өзге жақын туысы, заңды өкілі болып табылатын және сақтандыру ұйымымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға;

«сақтандыру жарналары» – сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде төлеуге міндетті сақтандыру сыйлықақысын төлеу кезіндегі ақша сомасы;

«сақтандыру төлемі» – сақтандыру шартында көзделген және пайдасына сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде немесе сақтандыру шартында айқындалған мерзім басталған кезде сақтандыру шарты жасалған пайда алушының білім алу қызметтеріне сақтандыру ұйымы ақы төлейтін ақша сомасы;

«сақтандыру сомасы» – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті мөлшерін білдіретін ақша сомасы;

«сақтандыру мүддесі» – сақтанушының, сақтандырылушының немесе пайда алушының тәуекелдерді болдырмауға және сақтандыру жағдайының туындауын болдырмауға қатысты мүліктік мүддесі;

«Сақтандыру жағдайы» - сақтандыру шартының талаптарында және осы Ережеде белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемі жүргізілуі тиіс жазатайым оқиға.

«сақтандырушы» – Қоғам - сақтандыруды жүзеге асыратын тұлға, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына шарт жасалған тұлғаға (пайда алушыға) Шартта көрсетілген сома (сақтандыру сомасы) шегінде белгіленген сақтандыру төлемін төлейтін тұлға.

«төмендетілген сақтандыру сомасы» – сақтанушы сақтандыру жарналарын төлеуді мерзімінен бұрын тоқтатқан немесе сақтандыру жарналарын төлеуді кешіктірген жағдайда (біріншісін қоспағандағы, кезектегі төлемдер бойынша) шартпен қарастырылған және осы Ережелерге сәйкес қолданылатын сақтандыру сомасы.

2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ

3-тараудың 5-тармағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (01.04.2024 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (20.04.2024 бастап қолданысқа енгізілген) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды.

5. Сақтанушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеуге міндетті, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

3-тараудың 6-тармағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (01.04.2024 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (20.04.2024 бастап қолданысқа енгізілген) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып 2 -азат жолымен толықтырылды.

6. Сақтанушының сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі өткенге дейін өмір сүруі, қайтыс болуы немесе сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде сақтанушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі белгіленуіне байланысты Сақтанушының (пайда алушының) мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады. Осы Ережеге сәйкес сақтанушы сақтандырылушы болып табылады.

4-тарау. Сақтанушының сақтандыру шартын жасасу тәртіптері, сақтандыру шартына өзгертулер енгізу

4-тараудың 7-11-тармақтары Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (01.04.2024 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (20.04.2024 бастап қолданысқа енгізілген) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды.

4-тараудың 7, 7-1, 7-2-тармақтары Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (20.05.2025 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (21.05.2025 ж. бастап қолданысқа енгізілген) № 2 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды. отырып баяндалды.

7. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда және:

- 1) сақтанушы мен сақтандырушының сақтандыру шартын жасасуы немесе
 - 2) сақтанушының сақтандыру шартының талаптарына қосылуы және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы жасалады. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу фактісін растайтын құжат болып табылатын сақтандыру полисіне қол қойған немесе ресімдеген күні сақтандыру шартын жасасқан күн болып табылады. Бұл ретте, сақтандыру полисі уәкілетті орган бекіткен сақтандыру полистерінің мазмұны мен ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс.
- 7-1. Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректерді қамтитын Сақтанушының өтініші сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандыру негіз болып табылады
- 7-2. Сақтанушы сақтандырушымен индекстеумен сақтандыру шартын жасасуға құқылы. Индекстеумен сақтандыру шартының ерекшеліктері, оның ішінде оны жасасу тәртібінің ерекшеліктері осы Ереженің 19-1-тарауында айқындалған.
8. Сақтандыру шартын жасасуға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандыру ережелерімен танысуға және Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша нысандағы өтініші негізінде Сақтандыру шартын жасау арқылы жасалады.
9. Сақтандыру шартын жасасуға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) сақтандыру өтінішінде (немесе Сақтандыру шартына байланысты Сақтандырушының жазбаша өтініші бойынша тиісті құжатта) өзіне белгілі, Сақтандыру оқиғасының Сақтандырушымен белгілеген нысан бойынша сақтандыру өтінішін беруге міндетті.
10. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы сақтандыру Кез келген жағдайда, сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру туралы өтініште немесе Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартын жасау кезеңінде жіберілетін сақтандырушының жазбаша өтінішінде көрсетілген туындағандығын анықтау үшін, өте маңызды барлық мәліметтерді ұсынуға міндетті.
11. Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушы сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шараларды қолдануға құқылы.
12. Мына тұлғалар сақтандыруға жатпайды:
Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты жоқ шетел азаматтары;
психоневрологиялық, наркологиялық диспансерлерде есепте тұрған адамдар;
бірінші және екінші топтағы мүгедектер;
онкологиялық аурулары бар адамдар;
созылмалы жүрек-қан тамырлары аурулары бар адамдар;
АИТВ-инфекциясының тасымалдаушысы болып табылатын ЖҚТБ-мен ауыратын адамдар.
13. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыруға өтініш және Сақтандыру ережелерінде көзделген басқа да құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

3-бөлім. МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУДІ ЖИНАҚТАУШЫ САҚТАНДЫРУ
5-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН
ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

5-тараудың 14-тармақтары Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (01.04.2024 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (20.04.2024 бастап қолданысқа енгізілген) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды.

14-15-тармақтар Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (20.05.2025 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (21.05.2025ж. бастап қолданысқа енгізілген) № 2 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды. отырып баяндалды.

14. Төмендегілер сақтандыру жағдайы болып табылады:

- 1) сақтандырылушының сақтандыру шартында белгіленген күнге дейін өмір сүруі;
- 2) сақтандырылушыға сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеу;
- 3) осы Ереженің 15 және 16-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырылушының сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңінде басталған қайтыс болуы.

15. Егер Ереженің 14-тармағының 3) тармақшасында көзделген сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан орын алған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) сақтандыру шарты қолданысының алғашқы екі жылындағы суицид;
- 2) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- 3) әскери қимылдар;
- 4) азаматтық соғыс, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
- 5) медициналық мекеменің білікті дәрігері (медициналық куәландыруды/сараптаманы жүргізген ұйымдардың қорытындысы болған кезде) ұйғарған дәрі-дәрмектерді пайдалануды қоспағанда, сақтандырылған этанолмен, алкогольмен, есірткі заттарымен немесе психотроптық заттармен улану;
- 6) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандырылушының және (немесе) пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның болуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
- 7) сақтандырылушының және (немесе) пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері.

16. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан мынадай негіздер бойынша бас тартуға да құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша;
- 2) Сақтандыру жағдайы болып табылмайтын жағдайларда қайтыс болғаны.
- 3) Сақтанушы Сақтандырылған, оның денсаулық жағдайы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған ақпарат бергенде;
- 4) егер жағдай Сақтанушымен Шарт бойынша сақтандыру қолданыстары қолданылмаған кезеңде орын алса;
- 5) егер сақтандырушыға Сақтанушының қайтыс болу себебін растайтын құжаттарды ұсынбаса және (немесе) Сақтанушының қайтыс болу себебін анықтамаса, оның ішінде жұбайының, жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің немесе адамның тірі кезінде берген жазбаша өтініші негізінде өлгеннен кейін сараптама жүргізуден бас тартса.

6-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ

6-тараудың 17-тармақтары Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (01.04.2024 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (20.04.2024 бастап қолданысқа енгізілген) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды.

17. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі және сақтандырушы сақтандыру өтінішінде көрсетілген мәліметтер негізінде белгіленеді. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартында теңгемен көрсетіледі.

7-тарау. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ КӨЛЕМІ, ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫ)

7-тарау Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (01.04.2024 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (20.04.2024 бастап қолданысқа енгізілген) № 1 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып 22-1 тармақпен толықтырылды.

18. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді Сақтанушы біржолғы сомамен немесе мерзімді (ай сайынғы, тоқсан сайынғы, жылдық, жартыжылдық) сақтандыру сыйлықақылары түрінде бөліп төлеу арқылы жүзеге асырады. Сақтандыру жарналарын төлеу күні Сақтандыру шартында көрсетіледі.

19. Сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйлықақысы) Сақтандырушының банк шотына қолма-қол ақшасыз төлеу (аудару) арқылы жүзеге асырылады.
20. Сақтанушы әрбір Сақтандыру жарнасын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімге дейін төлеуге міндетті.
21. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.
22. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушының ағымдағы шотына төлеуге немесе аударуға байланысты шығындар мен тәуекелдерді Сақтанушы көтереді.
- 22-1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім алуға ақы төлеу мақсатында пайда алушының мақсатты жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төлеу арқылы төленуі мүмкін.

8-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІН ӨТКІЗІП АЛУ

28-тармақ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (20.05.2025 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (21.05.2025ж. бастап қолданысқа енгізілген) № 2 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды. отырып баяндалды.

23. Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандыру сыйлықақысын алмаған (біріншісін қоспағанда) Сақтандырушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеу қажеттігі туралы Сақтанушыны хабардар етуге міндетті.
24. Хабарламада мыналар болуы керек:
 - 1) сақтандыру сыйлықақысын төлеуді кейінге қалдыру мерзімі (сақтандыру сыйлықақысын төлеуге тиіс кезең);
 - 2) сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлемегені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде өсімпұл сомасы;
 - 3) Сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша жеңілдік кезең ішінде сақтандыру сыйлықақысы төленбеген жағдайда Сақтандырушының сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзу құқығы туралы мәліметтер.
25. Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді кейінге қалдырудың қолданылу мерзімі 30 күнтізбелік күннен кем болмауы керек.
26. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу қажеттілігі туралы хабарлама Сақтанушыға хабарламаның жіберілуін растауға мүмкіндік беретін тәртіпте жіберіледі.
27. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімі кейінге қалдырылған кезеңде сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті, бұл кезде Сақтандырушы одан мерзімі өткен сақтандыру жарналары көлемінде ақша сомасын және сақтандыру жарналарын уақтылы төлемегені үшін өсімпұлды ұстап қалуға құқылы.
28. Сақтанушы сақтандыру жарнасын (біріншісін қоспағанда) хабарламада белгіленген мерзім ішінде төлемеген жағдайда мыналардың бірі қолданылады:
 - 1) сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша кірістілік мөлшерлемесі туындысының, төленбеген сақтандыру жарнасының сомасының және мерзімі өткен күндер санының 365-ке (үш жүз алпыс бес) қатынасы ретінде есептелетін тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы;
 - 2) сақтандыру шарты тоқтатылмайды және азайтылған сақтандыру сомасы шегінде өзінің қолданылуын жалғастырады.

29. Азайтылған сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартының қосымшада көрсетілген күндерде барлық Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру сыйлықақыларының) толық төленгенін ескере отырып, әрбір сақтандыру жылының аяқталу күніне көрсетіледі.
30. Осы тараудың 28-тармағының 2-тармақшасының талаптары бойынша соңғы сақтандыру жарналарын төлеу күніне азайтылған сақтандыру сомасының сомасы осы Шарттың қосымшада көрсетілген, іс жүзінде төленген мерзімді сақтандыру жарналарын ескере отырып, соңғы сақтандыру жарналарын төленген сақтандыру жылының аяғындағы азайтылған сақтандыру сомасының сомасын негізге ала отырып есептеледі.

9-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

31. Сақтандыру шартының қолданысы тоқтатылған жағдайда (Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемейі негізінде), Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру шартының қолданылуын Сақтанушыдан:
- 1) мерзімі өткен сақтандыру жарналарын;
 - 2) сақтандыру сыйлықақыларын уақтылы төлемегені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде өсімпұлдарды;
 - 3) сақтандыру шартын қалпына келтіру туралы өтініштерді (сақтандыру шартын сақтандыру шарты тоқтатылған күннен бастап алты ай өткен соң қалпына келтірілген жағдайда) алған кезде қалпына келтіруге құқылы.
32. Сақтанушы сақтандыру шарты тоқтатылған күннен бастап бір жыл ішінде сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге құқылы, ал Сақтандырушы сақтандыруға міндетті. Сақтанушы сондай-ақ оның қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап бір жылдан астам мерзімге сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге құқылы, бұл ретте мұндай сақтандыру шартын қалпына келтіру міндеттеме емес, сақтандырушының құқығы болып табылады.
33. Сақтандырушы, егер мұндай шарттың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған және Сақтандырушы өтеу сомасын төлеген болса, сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.
34. Сақтандыру шартын қалпына келтіру кезінде сақтанушы сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтандырушы нысанындағы денсаулық жағдайы туралы декларацияны толтыруға міндетті.
35. Егер Сақтанушының және/немесе Сақтандырылғанның денсаулық жағдайы туралы Сақтанушы ұсынған құжаттарға сәйкес Сақтанушының және/немесе Сақтандырылғанның денсаулық жағдайы Сақтандыру шартын жасау кезінде ұсынылған ақпаратпен салыстырғанда нашарласа, Сақтандырушы сақтандыру сомасының және/немесе сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) сомасын қайта есептеуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартының күшін жаңа шарттарда қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда сақтандыру шарты қалпына келтірілмейді.
36. Осы тараудың 28-тармағының 2-тармақшасының талаптары бойынша соңғы сақтандыру жарналарын төлеу күніне азайтылған сақтандыру сомасының сомасы осы Шарттың қосымшада көрсетілген, іс жүзінде төленген мерзімді сақтандыру жарналарын ескере отырып, соңғы сақтандыру жарналарын төленген сақтандыру жылының аяғындағы азайтылған сақтандыру сомасының сомасын негізге ала отырып есептеледі.

10-тарау. САҚТАНДЫРЫЛҒАН

37. Сақтандырылған Сақтанушы болып табылады.
38. Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандырылған басқа тұлғамен алмастырыла алмайды.

11-тарау. ПАЙДААЛУШЫ

39. Сақтандыру шарты бойынша Пайдаалушыны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушы тағайындайды.
40. Сақтандыру ережелерінде және сақтандыру шартында көзделген жағдайларды қоспағанда,

Сақтандыру шартына сәйкес Пайдаалушы сақтандыру төлемін алушы болып табылады.

41. Пайдаалушының пайдасына бір ғана Сақтандыру шарты жасалуы мүмкін. Мемлекеттік білім беру бағдарламасы шеңберінде екінші деңгейдегі банкпен жасалған депозит шарты бойынша салымшы болып табылатын тұлға Пайдаалушы ретінде қабылданбайды.
42. Пайдаалушы қайтыс болған, оны сот әрекетке қабілетсіз немесе хабар-ошарсыз кеткен деп таныған, не оны қайтыс болды деп жариялаған немесе Пайдаалушының денсаулық жағдайына байланысты оқуын жалғастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда Сақтанушының:
 - 1) Сақтандыру шартында көрсетілген пайдаалушыны Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын басқа тұлғамен ауыстыруға құқы бар.
 - 2) Сақтандыру шарты бойынша өтеу сомасын алуға құқы бар.

12-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ МЕН САҚТАНДЫРУ ҚОРҒАНЫСТАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

43. Сақтандыру шарты және ол бойынша міндеттемелер Сақтандырушы мен Сақтанушы үшін Сақтандыру сыйлықақысын, ал егер ол бөліп-бөліп төленсе, бірінші Сақтандыру жарналарын төлеген кезден бастап міндетті болады және Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімге дейін қолданылады.
44. Сақтандыру қорғаныштарының қолданылу мерзімі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
45. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де жарамды.

13-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

46, 46-1, 46-2, 46-3, 46-4, 47, 49 -тармақтары Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (20.05.2025 ж. № 20 отырыс хаттамасы) (21.05.2025ж. бастап қолданысқа енгізілген) № 2 өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып баяндалды.

46. Сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – пайда алушы немесе оның заңды өкілі:
 - 1) сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын талап етуге;
 - 2) сақтандыру шарты бойынша толық ақпарат алуға;
 - 3) сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақысын алуға құқылы;
 - 4) сақтандыру шартында көзделген жағдайда бастапқы білім беру капиталын алуға;
 - 5) мемлекет есептеген сыйлықақыны, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), нысаналы жинақтардың есептелген төлемін (бар болса) қоспағанда, сатып алу сомасын ала отырып, сақтандыру шартын бұзуға;
 - 6) сақтандыру шартында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
- 46-1. Бастапқы білім беру капиталы жоқ пайда алушыға білім беру гранты берілген немесе пайда алушының білімі туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болған жағдайда Сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда пайда алушы немесе оның заңды өкілі:
 - 1) инвестициялық кірісті және мемлекет есептеген сыйлықақыны ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алуға;
 - 2) басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында сақтандыру шартының қолданылу мерзімін ұзартуға және (немесе) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жіберуге;
 - 3) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін инвестициялық кіріс пен мемлекеттің сыйлықақысын ескере отырып, сақтандыру шартын төлеуге немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына білім беру

жинақтау салымына аударуға;

- 4) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін инвестициялық кірісті және мемлекет есептеген сыйлықақыны ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын-үй жағдайларын жақсартуға аударуға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда, білім алуға ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақтарды төлеу сомасын (олар болған кезде) пайда алушы, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өзінің банктік шотына аударуға құқылы.

- 46-2. Бастапқы білім беру капиталы бар пайда алушы, оған білім беру гранты берілген немесе оның техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болған жағдайда, білімі туралы тиісті құжатпен расталған жағдайда, Сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда - пайда алушы немесе оның заңды өкілі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда білім туралы құжат ұсынылған жағдайда инвестициялық кірісті, мемлекеттің сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталын ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алуға, сондай-ақ Ереженің 46-1 тармағының бірінші бөлігінің 2), 3) және 2) тармақшаларына және екінші бөлігіне сәйкес сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдеріне билік етуге құқылы.
- 46-3. Пайда алушы қайтыс болған, сот оны әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған жағдайда немесе денсаулық жағдайының салдарынан пайда алушы оқуын жалғастыра алмаған жағдайда сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – оның мұрагерлері:
 - 1) сақтандыру шартында көрсетілген пайда алушыны Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын басқа тұлға ауыстыруға;
 - 2) инвестициялық кірісті, есептелген мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасын алуға (бар болса) құқылы.
- 46-4. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде сақтанушы сатып алу сомасын сақтандыру шарты бойынша бір сақтандыру ұйымынан басқа сақтандыру ұйымына не сақтандыру ұйымынан екінші деңгейдегі банкке аударуға, бірақ сақтандыру шарты жасалған күннен бастап екі жылдан ерте емес инвестициялық кірісті, мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын (бар болса) ескере отырып аударуды жүзеге асыруға құқылы.
47. Сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – пайда алушының міндеттері:
 - 1) сақтандыру шартын жасасуға өтініште сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын айқындау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мәліметтерді ұсынуға міндетті және ұсынылған мәліметтер үшін жауапты болады;
